

## **Аудан әкімиятының жанындағы төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның Ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімиятының 2002 жылғы 18 қарашадағы N 483 қаулысы. Ақтөбе облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 9 желтоқсанда N 1877 тіркелді. Мемлекеттік тіркеуге жатпайды - Ақтөбе облысы Әділет департаментінің 2005 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысымен

Қазақстан Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, аудандық алдын алу және төтенше жағдай кезіндегі әрекет жүйесін жетілдіру, жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар мен мекемелердің халықты және аудан аумағын авариялар, зілзалалардан қорғаудағы әрекетін үйлестіру жөнінен ұсыныстар дайындау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосыла берілетін аудан әкімиятының жанындағы төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия туралы Ереже бекітілсін.
- 2 . Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына Р.К.Кемаловаға жүктелсін.

### *Аудан Әкімі*

А у д а н                    ә к і м и я т ы н ы ң  
2002                    жылғы                    18                    қарашадағы                    N                    483  
қаулысымен бекітілді

## **Аудан әкімиятының жанындағы төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия кеңестік-консультативтік орган болып табылады және ол авариялар, зілзала және басқа да оқиғалардың салдарынан болған төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу жөнінен ұсыныстар дайындау мақсатында құрылады.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан

Республикасының "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңын, төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттіктің бұйрықтары мен қаулыларын, аудан әкімдіктерінің қаулыларын, осы Ережені және басқа да құқықтық-нормативтік актілерді басшылыққа алады.

3. Комиссия өз құзырын ауданның атқарушы органдарымен және меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындармен, мекемелермен өзара әрекеттесе отырып жүзеге асырады.

4. Комиссияға аудан әкімінің орынбасары жетекшілік етеді.

## **2. Комиссияның негізгі міндеттері**

5. Комиссияның негізгі міндеті мыналар жөнінен ұсыныстар дайындау болып табылады:

1) авариялардан, зілзалалардан, басқа да құбылыстардан болған төтенше оқиғалардың алдын алу мен жою төңірегінде бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу жөнінен;

2) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюдың күштері мен құралдарын құру және дамыту төңірегінде бірыңғай техникалық саясат жүргізу жөнінен;

3) тұрғындар мен аудан аумағын авариялар, зілзалалар мен басқа да оқиғалардан болған төтенше жағдайлардан қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да шараларды қалыптастыру жөнінен;

4) төтенше оқиғалар кезіндегі әрекет пен алдын алу жүйесін алдағы уақытта да дамыту жетілдірудің басты бағыттарын анықтау жөнінен;

5) жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар мен басқармалардың авариялар, зілзала мен бақытсыз жағдайлар салдарынан жапа шеккен, сондай-ақ төтенше оқиғаларды жоюға қатысқан азаматтарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық сауалту жөніндегі әрекетін үйлестіру жөнінен;

## **3. Комиссияның құқықтары**

6. Комиссия құқылы:

1) жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, басқармалардың төтенше оқиғалардың алдын алу мен жою төңірегіндегі әрекетін үйлестіру жөнінен ұсыныстар енгізуге;

2) комиссияның құзырына енетін сұрақтар жөнінен нормативтік-құқықтық актілердің жобасын дайындауға қатысуға;

3) комиссияның құзырына енетін сұрақтар жөнінен жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар мен мекемелердің лауазымдық тұлғаларын тыңдауға;

4) жергілікті атқарушы органдар, басқармалар мен мекемелердің төтенше

жағдайлардың алдын алу мен жою сұрақтары жөніндегі бағдарламаларды орындауының талдауын жүргізуге, оның ішінде бағдарламалық шаралардың орындалуына бюджеттен бөлінетін қаржылардың жұмсалыуына да талдау жасауға ;

5) төтенше оқиғалардың алдын алу мен жою сұрақтары жөнінен аналитикалық, эксперттік және басқа да жұмыстарды орындау үшін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың мамандарын тартуға (олардың басшыларымен келісе отырып)

#### **4. Комиссияның әрекетін ұйымдастыру**

7. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру - техникалық жағынан қамтамасыз ету төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның хатшысына жүктеледі.

8. Комиссия өз әрекетін төраға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады .

9. Комиссия отырыстары қажетіне қарай әр тоқсанда бір реттен өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді.

10. Аудан әкімиятының қаулысын қабылдауды талап ететін сұрақтар бойынша төтенше жағдайлар комиссиясы төрағасы арқылы комиссия белгіленген тәртіппен тиісті ұсыныс жасайды .

11. Комиссия өзі қарайтын және шешетін ең маңызды деген сұрақтар жөнінен аудан әкімиятын үнемі хабардар етіп тұрады.